

ОҚУ ОРНЫ

XXI ғасыр ғылым-білім және инновация заманы. Бүтінгі жас өскін ғылым мен техниканы жоғары деңгейде менгеруға тиіс. Техника салаларындағы мамандарды даярлау және оларға қолдау көрсетуде өнірімізде сен қозғалды десек болады. Оған дәлел, әрдайым өткізілетін республикалық, облыстық және қалалық олимпиадалармен басқа да ғылыми-зерттеу, шыгармашылық конкурстары.

МАМАНДЫҚ ТАНДАУ – МАНЫЗДЫ ІС

Казіргі таңда М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі мектеп оқушыларын ғылыми-техникалық шыгармашылық жұмыстарға тарту және олардың зерттеу жұмыстарына университет профессор-окытушылар күрамынан кеңес беру жүргізілуде. Сонау 1973 жылы Қазақ ССР-нің Ұлттық ғылым Академиясының Президиумы жанында Қазақстан Республикасының Кіші ғылым Академиясы құрылдып, талантты жастарды іздең, анықтап және олардың шыгармашылық қабілетін дамыту үшін республикадағы мектептер, ЖОО және ғылыми-зерттеу институттарының мамандары мен ғалымдарын қатыстырумен мақсатты жұмыстар жүргізіліп келген. Осындау мақсатпен М. Эуезов атындағы ОҚУ «Академиялық ғылымдар департаменті» жанынан қоғамдық негізде үйымдастырылған жас конструкторлар мен дизайнерлердің «АРХИМЕД & Perpetuum mobile» атты ғылыми Кіші Академиясы 2013 жылдан жұмыс жүргізуде. Кіші Академияның кеңес беру жұмысын университет дайындастын ма-

мандықтарға байланысты, яғни жаратылыстану ғылымдары мен техникалық мамандықтар бойынша 17 ірі бағытқа белгілін және оған бірнеше ондаған ғалымдар кеңес беруде. Оның айғары – әлемді жайлапан пандемияға дейін Шымкент қалалық білім белімімен бірлесе отырып университет қабырғасында өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар. Студенттер мен мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық шыгармашылық жұмыстары мен ғылыми баяндамалары, инновациялық тұрғыдағы жоғарғы нәтижелер көрсетті.

Кіші Академияның ғылыми кеңесшілерінен уақытында кеңес алдып, өз жұмыстарын ары қарай жалғастыра білген жастардың алды Австрияның Вена және Зальцбург қалаларында, АҚШ-тың Пенсильвания штатында, Белорусияның Минск қаласында, Ресейдің Новосибирск қаласы, Нұр-Султан қаласы мен Алматы қалаларының ЖОО-да және М. Эуезов атындағы ОҚУ-да білімдерін жалғастырды. Сондай-ақ, студент жастардың сәулет мамандығы

бойынша шыгармашылық жобалары Италия, Молдавия, Ресей, Түркия және Өзбекстан елдерінде өткізілген конкурстарға ұсынылдып, жүлдеді орындарға ие болды. Жас ғалымдарымыздың ғылыми жұмыстарына жаңа серпін беру мақсатында «АРХИМЕД & Perpetuum mobile» Кіші Академиясы университеттің жоғарғы мектеп және факультеттерімен бірлесе отырып «Жасыл экономика және ғылыми-техникалық прогресс», «Жас ғалымдардың заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану», «Балама энергетика көздері» тақырыптарындаа университеттің жетекші ғалымдарының қатысуымен бірнеше рет «деңгелек үстел» өткізілді.

Қалдыбай
НАУРЫЗБАЕВ,
М. Эуезов атындағы
ОҚУ «Сәулет»
кафедрасының
доценті, техника
ғылымдарының
кандидаты,
«АРХИМЕД & Perpetuum
mobile» Кіші
Академиясының
жетекшісі, ҚР Журналистер
одағының мүшесі